

## Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы N 131 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 124 Заңымен.

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы қатынастарды реттейді.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

**инновациялық қызмет** - шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жаңа өнім өндіру немесе өндірілетін өнімнің сапасын жақсартып, шығынын азайту, оны өндіру әдістерін жетілдіру мақсатымен ғылыми білім мен жаңа технологияларды пайдалануға бағытталған қызметі;

**шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымы** - өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етуді, шағын кәсіпкерлікті материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен коммерциялық негізде қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуді қоса алғанда, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы жағдайларын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе пайдаланылатын ұйымдар кешені;

**ойын бизнесі** - құмар ойындарды және (немесе) бәс тігу шараларын табыс табу мақсатымен ұйымдастырып, өткізуге байланысты кәсіпкерлік қызмет; <\*>

**шоу-бизнес** - эстрадалық ойын-сауық қойылымдар, сахналық көріністер ұйымдастыру;

**венчурлік фирмалар** - ғылымды көп қажет ететін прогресшіл технологиялар мен өнімдерді әзірлеу мен игеруді жүзеге асыратын инновациялық қызмет субъектілері;

**шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялар** - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың жанынан құрылатын консультациялық-кеңесші органдар.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 458 , 2002.07.10. N 341 , 2003.10.13. N 487 Заңдарымен.

## **2-бап. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы заңдар**

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Азаматтық кодекстен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгендерден өзге ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 341 Заңымен.**

### **3-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілері**

1. Заңды тұлға құрмайтын жеке адамдар және қызметкерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын және активтерінің жалпы құны орта есеппен бір жыл ішінде алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асырады.

3. Заңды тұлға құрмайтын жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ мынадай ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалар:

толық серіктестік;  
коммандиттік серіктестік;  
жауапкершілігі шектеулі серіктестік;  
қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;

өндірістік кооператив - шағын кәсіпкерлік субъектілері болуы мүмкін.

4. Шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлерінің орташа жылдық саны барлық қызметкерлерді, оның ішінде жеке еңбек шарты бойынша, жұмысты қоса атқару бойынша жұмыс істейтіндерін, осы субъект филиалдарының, өкілдіктерінің және басқа оқшауланған бөлімшелерінің қызметкерлерін ескеретін отырып анықталады. < \* >

5. Қызметтің бірнеше түрін жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері ондайларға жылдық айналым көлемінде үлесі ең көп қызмет түрінің өлшемдері бойынша жатқызылады.

6. Егер бір немесе бірнеше заңды тұлға шағын кәсіпкерлік субъектісінің өлшеміне сай келетін шаруашылық серіктестігін құрған жағдайда құрылатын субъектінің жарғылық қорындағы олардың үлесі 25 проценттен аспауға тиіс.

7. Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғаларды және:

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен  
б а й л а н ы с т ы қ ы з м е т т і ;

акцизделетін өнімдер өндіруді және (немесе) көтере сатуды (алтыннан,  
платинадан, күмістен жасалған зергерлік бұйымдар өндіруден басқа);  
ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті;

стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу және сапаны басқару  
с а л а с ы н д а ғ ы қ ы з м е т т і ;

банктік қызметті және сақтандыру рыногындағы (сақтандыру агентінің  
қызметінен басқа) қызметті;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыратын заңды  
тұлғаларды шағын кәсіпкерлік субъектілері деп тануға болмайды.<\*>

8. Шағын кәсіпкерлік субъектілері осы баптың 1-тармағында белгіленген  
ережелерден асып кеткен жағдайда жеке және заңды тұлғалар Қазақстан  
Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктерден айырылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2001.01.30. N 154 ,  
2001.03.02. N 162 , 2002.07.10. N 341 , 2003.10.13. N 487 Заңдарымен.

## **2-тарау. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау**

### **4-бап. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі принциптері**

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі принциптері:  
Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы;  
шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кешенділігі;  
шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының және жүзеге асырылатын  
шаралардың шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілер үшін қол жеткізерлік  
б о л у ы ;

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы халықаралық  
ынтымақтастық болып табылады.

### **5-бап. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары**

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге  
а с ы р ы л а д ы :

шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеудің, олардың қызметін  
лицензиялаудың оңайлатылған тәртібін белгілеу; <\*>

шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық салудың, кеден бажын төлеудің  
жеңілдікті режимін қамтитын қолайлы жағдай жасаудың құқықтық режимін  
б е л г і л е у ;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен дамыту үшін инвестицияларды,

оның ішінде шетел инвестицияларын тарту мен пайдалану жүйесін жасау;  
шағын кәсіпкерлік субъектілерінің шетелдік әріптестермен сауда,  
ғылыми-техникалық, өндірістік және өзге де байланыстарын дамытуды қоса  
алғанда, олардың сыртқы экономикалық қызметін қолдау;  
қаржы көздерін анықтай отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие  
берудің арнаулы бағдарламаларын қабылдау;  
өнімдер өндіруге, жұмыс атқарып, қызмет көрсетуге мемлекеттік сатып  
алуды орналастырған кезде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне артықшылықтар  
б е р у ;

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар  
жанындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялардың қызметін  
ұ й ы м д а с т ы р у .

мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің  
қызметіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тексеру  
ж ү р г і з е д і .

< \* >

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26.  
N 458 , 2002.07.10. N 341 , 2003.10.13. N 487 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1  
қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

#### **6-бап. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалары**

1. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік, салалық және  
аймақтық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады және ол шағын  
кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған шаралар кешені болып табылады  
.

1 - 1 . < \* >  
1 - 2 . < \* >

2. Мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар шағын  
кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын уәкілетті органға мемлекеттік, салалық  
және аймақтық бағдарламаларға жекелеген жобаларды енгізу туралы дербес  
ұ с ы н ы с ж а с а у ғ а х а қ ы л ы .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын кәсіпкерлікті қолдау мен  
дамытудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларын іске асыру барысында  
алынған нәтижелер туралы Қазақстан Республикасы Президентінің алдында жыл  
қорытындысы бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен есеп беріп отырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26.  
N 458 , 2002.07.10. N 341 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап  
күшіне енеді) Заңдарымен.

**7-бап. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы  
мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске  
асыру**

1. Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын уәкілетті органы: <\*>

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының орындалуын ұйымдастырады және үйлестіріп отырады;

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, Үкіметке табыс етеді;

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған заңдардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

мемлекеттік органдарды шағын кәсіпкерлікті дамытуға қатысты мәселелер жөнінде аталған органдардың лауазымды адамдарын тыңдай отырып тексеруді жүзеге асырады;

мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары жол берген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін хабардар етеді;

шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік, салалық бағдарламалар аясында осы қызметті қаржыландыру арқылы шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын қолдау мен дамытуды қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялармен бірлесе отырып:

1) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың аймақтық бағдарламаларын бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы есептерін тыңдайды;

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органдары:

шағын кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады;

жергілікті жерлерде мемлекеттік бағдарламаларды қамтамасыз етеді және олардың сапалы іске асырылуы мен орындалуына жауап береді; <\*>

технопарктер желісін, лизингтік орталықтарды, шағын инновациялық қызмет

орталықтарын, венчурлік фирмаларды және шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында құрылатын басқа да инфрақұрылым объектілерін құру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ғимараттарды, құрылыстарды, өндірістік үй-жайларды және коммуналдық меншіктегі өзге де мүлікті жеңілдікпен беру арқылы шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын қолдау мен дамытуды қамтамасыз етеді ;

Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын уәкілетті органына жергілікті жерлерде бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы есептерді және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметімен байланысты өзге де ақпаратты табыс етеді.<\*>

3. Табиғи монополия субъектілері саладағы бәсекені дамыту стратегиясын қалыптастыру ерекшеліктерін ескере отырып, өндіріс саласына шағын кәсіпкерлік субъектілерін интеграциялау мәселелері көзделетін бағдарламалар әзірлейді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тиімділігі аз ірі өндірістерді бөлшектеуді жүзеге асырады .

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 458 , 2002.07.10. N 341 , 2003.10.13. N 487 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

### **7-1-бап. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялар**

1. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары :

осы Заңды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу; мемлекеттік органдарда шешімдер қабылдаған кезде кәсіпкерлердің мүдделеріне өкілдік ету, заңды құқықтарын қорғау және олардың пікірлерін ескеріп отыру ;

кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің сындарлы бастамаларын қолдау, экономикалық жағынан дамыған мемлекет құру және Республика азаматтарының әл-ауқатын арттыру ісінде әрбір кәсіпкердің белсенді өмірлік айқындамасын насихаттау ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша қаулылары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын бастамашылықпен әзірлеу және қоғамдық сараптамадан өткізу ;

шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау жөнінде нысаналы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу болып табылады .

2. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның құрамы қоғамдық

бірлестіктердің, сауда-өнеркәсіп палаталарының, шағын бизнес одақтары мен қауымдастықтарының, шағын кәсіпкерлікті қолдау құрылымдарының өкілдерінен, ғалымдардан, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінен, кәсіпкерлерден құралады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялар туралы ережені - Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдардың жанындағы комиссиялар туралы ережені жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

**Ескерту. Жаңа 7-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 458 , өзгерту енгізілді - 2002.07.10. N 341 Заңдарымен.**

**8-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік мұқтаждар үшін өнім өндіруге (жұмыс атқаруға, қызмет көрсетуге) қатысуы**

1. <\*>

2. <\*>

2 - 1 . < \* >

2-2. Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс ұйымдастырған кезде оны ұйымдастырушы - тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын және олардың көлемін (процентпен көрсетілгенде) Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын айқындап отырады.

3. Конкурстар өткізу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленеді.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 458 , 2002.07.10. N 341 Заңдарымен.**

**9-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары**

1 . < \* >

2 . < \* >

3 . < \* >

4. Өндірістік қызметпен және кадрларды оқытумен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жер учаскелерін беру (сату, жалға беру) олардың облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына жазбаша өтініші бойынша жерді сатып алғаны немесе оны жалға алғаны үшін сома төлей отырып, Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

5. Өндірістік қызметпен және кадрларды оқытумен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілері электр энергиясы, жылумен, сумен жабдықтау және канализация бойынша біріктірілетін қуат үшін ақы төлеуден босатылады.

6. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін екінші деңгейдегі банктерде шоттар ашу ақы алынбай жүргізілуі мүмкін.

7. Сауда-саттық (делдалдық) қызметін қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін мемлекеттік меншіктің бір жылдан астам пайдаланылмаған объектілері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға беріледі. <\*>

8. Шағын кәсіпкерлік субъектілері шартта көзделген талаптарды орындаған жағдайда, өздеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету салаларын дамыту үшін жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілген объектілерге меншік құқығын шарт жасалған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін тегін алады. Бұл талаптар сауда-саттық (делдалдық) қызметін жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалға алу немесе сенімгерлікпен басқару шартының талаптарын орындауын бақылауды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

9. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне объектілердің меншік иесі құқығының құжаттарын ресімдеу заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 458 , 2001.12.24. N 276 , 2002.07.10. N 341 , 2003.10.13. N 487 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

#### **10-бап. Есеп беру тәртібі**

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есебі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есеп берудің оңайлатылған рәсімдері мен нысандарын көздейтін тәртіппен табыс етілуі мүмкін.

2 . < \* >

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 , 2002.07.10. N 341 , 2003.03.13. N 395 Заңдарымен.

### **3-тарау. Шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру**

#### **11-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру**

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі өз қаражаты, шетелдік инвестициялар және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілері бір-біріне қаржы көмегін көрсету үшін

консорциумдар немесе өзара несие беру ұйымдарын құру мүмкін, бұлар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен олардың уақытша б о с қ а р а ж а т ы н ж и н а қ т а й д ы .

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 341 Заңымен .

**12-бап. <\*>**

Ескерту. 12-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **4-тарау. Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымы**

##### **13-бап. Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын мемлекеттік қолдау мен дамыту**

Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық және жергілікті атқарушы органдар шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік салалық және аймақтық бағдарламалар шеңберінде осы қызметті қаржыландыру жолымен, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік меншікті үйлерді, ғимараттарды, өндірістік үй-жайлар мен өзге де мүліктерді жеңілдікпен беру жолымен шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын қолдау мен дамытуды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 458 Заңымен .

**14-бап. <\*>**

Ескерту. 14-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **15-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері**

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері ортақ мүдделерді және әрбір шағын бизнес субъектісінің мүдделерін білдіру мен қорғау, шағын кәсіпкерліктің дамуы үшін мейлінше қолайлы жағдайларды, адал бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен салалық, салааралық, аумақтық белгілері бойынша сауда-өнеркәсіп палаталарын, қоғамдық бірлестіктер құруға құқылы.

2. Заңды тұлғалар - шағын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен қауымдастық (одақ) нысанында бірлестіктер құра алады. Жеке тұлғалар - шағын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қоғамдық бірлестіктер құра алады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес

жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласу фактілеріне жол бермеу мақсатында:

нормативтік құқықтық актілердің кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіне ықпалына тәуелсіз құқықтық сараптама жүргізуге;

құқық қорғау және бақылау органдарына кәсіпкерлердің құқықтарын бұзуға кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы материалдар енгізуге;

кәсіпкерлікті қорғау саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуды қамтамасыз етуге;

мемлекеттік органдарға қарау үшін кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына себепші болатын себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар енгізуге;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің заңдарда көзделген құқықтары бұзылған жағдайда олардың мүдделерін көздеп талап қоюға, Қазақстан Республикасында көзделген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне қысым жасаған мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне сот органдарына шағымдануға;

заң жобаларын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті әлеуметтік-экономикалық дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмысқа қатысуға;

қызметінің ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін сараптау кеңестері туралы үлгі ережемен айқындалатын орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері жөніндегі сараптау кеңестерінің жұмысына қатысуға құқығы бар . < \* >

2-1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметіне кепілдіктер:

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарының қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының заңды қызметін жүзеге асыруына тікелей немесе жанама түрде кедергі жасауға құқығы жоқ ;

мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының өтініштеріне заңдарда белгіленген мерзімде жазбаша жауап қайтаруға міндетті;

кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың қызметіне заңсыз араласуға жол берген не ондай қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіруші адамдар Қазақстан Республикасының

заңдарына сәйкес жауапқа тартылады;

қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының құқықтарды қорғау жөнінде көрсететін заң қызметтері, қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардан, сауда-өнеркәсіп палаталарынан заң көмегін, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне заң көмегін көрсетуге қатысты өзге де ақпарат сұраған кәсіпкерлердің мүдделерін көздеп жасалған іс-әрекеттің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер адвокаттық құпияға теңестіріледі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғалуға тиіс.

3 . < \* >

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары шағын кәсіпкерлікті дамыту, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін ұжымдасып қорғау мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 458 , 2002.07.10. N 341 , 2003.10.13. N 487 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

## **5-тарау. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін кепілдіктер**

### **16-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметіне негізсіз араласуға жол бермеу кепілдіктері**

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының негізсіз араласуына жол берілмейді.

1-1. Бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тек сот тәртібімен ғана тыйым салуы немесе оны тоқтата тұруы мүмкін. Шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салу немесе оны тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекше жағдайларда 3 күннен аспайтын мерзімге рұқсат етілуі мүмкін. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қ о л д а н ы л а д ы .

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе шағын кәсіпкерлік субъектісінің қаржы-шаруашылық қызметін уәкілетті мемлекеттік органдар жылына бір реттен жиі тексермейді.

3. Адам саны 10-нан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілері, салық органдарын қоспағанда, сондай-ақ қылмыстық істер қозғалғаннан басқа

жағдайларда, мемлекеттік бақылаушы органдар тарапынан ең жиі дегенде үш жылда бір рет тексерілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік бақылау органдарының тексеру жүргізетін қызметкерлері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне олар қатаң есептілік бланкілеріне ресімделген арнайы нұсқаманы көрсеткен жағдайда ғана тексеруді жүзеге асыруға міндетті.

5. Тексерулер жүргізген кезде мемлекеттік бақылаушы органдардың қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу туралы негіздемені көрсетуге және шағын кәсіпкерлік субъектісіндегі Келушілерді есепке алу кітабына тексеру жүргізілгендігі туралы, лауазымын, тегін, тексерудің мақсаты мен нәтижелерін көрсете отырып, белгі қоюға міндетті.

6. Лауазымды адамдардың еркін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік бермеуге әкеп соғатын іс-әрекеттері лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылығына әкеп соғады.

7. Мемлекеттік органдардың не олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін, кәсіпкерлердің құқықтарын бұзған нұсқауларын орындау нәтижесінде шағын кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген зиянның оның ішінде қолдан шығарып алынған пайданың орынын осы органдар т о л т ы р у ғ а т и і с .

8. Мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңға негізделмеген кәсіпкерлік қызметті шектейтін тыйым салуы жарамсыз болып табылады және орындалмауға тиіс.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 283 , 1999.07.26. N 458 , 1999.11.29. N 488 , 2002.07.10. N 341 Заңдарымен.

## 6-тарау. <\*>

Ескерту. 6-тарау алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 341 Заңымен .

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Президенті